



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20.03.2018 № 11-1-4/100
Астана қаласы

город Астана

**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қызметі
мәселелері жөніндегі Қоғамдық Кеңесті қалыптастыру бойынша
Жұмыс тобын құру туралы**

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы Заңының 8-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қызметі мәселелері жөніндегі Қоғамдық Кеңесті қалыптастыру бойынша Жұмыс тобы (бұдан әрі – Жұмыс тобы) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

2. Жұмыс тобы:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қызметі мәселелері жөніндегі Қоғамдық Кеңестің жаңа мүшелерін конкурстық негізде – коммерциялық емес ұйымдар өкілдерінің, Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан сайласын.


3. Жұмыс тобының жұмыс органы функциялары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

4. «ҚР СІМ жанында Қоғамдық кеңесті қалыптастыру бойынша жұмыс тобын құру туралы» Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі № 11-1-2/119 бұйрығының күші жойылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Ерекше тапсырмалар жөніндегі Елшісі Ж.Ж. Әділбаевқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

МИНИСТР



Қ. ӘБДІРАХМАНОВ

0081566

**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қызметі
мәселелері жөніндегі Қоғамдық Кеңесті қалыптастыру бойынша
Жұмыс тобының құрамы**

- | | |
|--|--|
| Әбдірахманов Қайрат
Құдайбергенұлы | - ҚР Сыртқы істер министрі,
Жұмыс тобының Төрағасы; |
| Бұршақов Сатыбалды Ересұлы | - ҚР СІМ Халықаралық ақпарат
комитеті төрағасының орынбасары,
Жұмыс тобының хатшысы; |
| Сыдықназаров Мұхит-Ардагер
Қаржаубайұлы | - Өзін өзі ұсынушы; |
| Шерьязданова Камилла Ғалымқызы | - Өзін өзі ұсынушы; |
| Танельбаева Бибинор Сұлтанқызы | - Өзін өзі ұсынушы; |
| Табергенова Айгүл Олжабайқызы | - Өзін өзі ұсынушы; |
| Ордалиева Жанат Сейділдақызы | - Өзін өзі ұсынушы; |
| Сағымбеков Асыл Ұланұлы | - Өзін өзі ұсынушы; |
| Жолдыбалинов Нұржан Нұрланұлы | - Өзін өзі ұсынушы. |